«Технология» терминінің түсіндірмесі әр қилы. В.И. Шепельдің [2] айтуы бойынша технология өнер, шеберлік, біліктілік, жағдайды зерттеуге бағытталған іс-әрекеттер жиынтығы ұғымын білдіреді. Егер қазіргі кездегі баспасөз материалдарына жүгінсек, бес бағытқа бағдарланған 50-ге жуық технология ғылыми түрде негізделген екен. Олар: қалыптасқан оқыту жүйесі, жетілдірілген технологиялар, баламалы технологиялар, дамыта оқыту технологиялары және авторлық мектептер [3].

Білім берудің даму бағыты мен технологияларын қамтитын көптеген педагогикалық технология түрлерін қазіргі кезде оқытушылар қолданып жүр. Атап айтқанда, Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдовтардың «Дамыта оқыту» [4], Ж.Қараевтың «Деңгейлеп саралау» технологиясы, М.М.Жанпейісованың «Модульдік оқыту» технологиясы, АҚШ университетінің профессоры Джинни Стиллдің «Сын тұрғысынан ойлауды оқу және жазу арқылы» дамыту технологиясы, «Ынтымақтастыққа оқыту», Педагогикалық қарым-қатынастарды ізгілендіру мен демократияландыру негізіндегі Ш.А. Амонашвили, Е.И. Ильина әдістемелері, В.Ф.Шаталовтың ойын элементтері мен тірек сызбалары, қашықтан оқыту және ақпараттық технологиялар, т.б. Олардың әрқайсысының ғылыми тұжырымдамаларға негізделген мазмұны мен әдістемесінде ерекшеліктері бар, үрдістің мәнін түсіндіре алатындай тұрғыда құрылған [5].

Дамыта оқытудың негізін Ян Амос Коменский өзінің 17 ғасырда «Ұлы дидактикасында» айтып, талдап берген. Содан кейін ол К.Д.Ушинский, Л.С.Выготский еңбектерінде қарастырылса, 1969 жылы Ресей ғалымдары Л.В.Занков, Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдов көтерді. Д.Б.Эльконин мен В.В.Давыдовтың

зерттеулері оқушыны «субъект» ретінде тануға бағытталған. Неміс педагогі А.Дистервег «Дамыта оқыту» деп баланың білім алуға жеке басының әрекет етуін ұйымдастыратын оқыту жолын атаған [6]. «Жаман» мұғалім ақиқатты дайындап өзі айтып береді, ал «Жақсы» мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді», - деген. Дәстүрлі оқытуда оқу процесін басқарушы (мұғалім) және орындаушылар (оқушылар) болды. Оларға көбінесе бұйрықты орындау, яғни қатал әкімшілікке бағынуға дейінгі шеңбер ішінде жүзеге асып жатты. Біз дәстүрлі оқытуда қарапайымнан күрделіге қарай, нақтыдан абстрактіге деген принципті мақсат еттік. Ал, дамыта оқыту жүйесінде бұған керісінше, баланың ойлауын абстрактіден қарапайымға қарай бағыттау қарастырылады. Мысалы, оқушыға «Ө» әрпін өткенде өріктің суретін көрсетіп, оның не екенін, дәмі, түсі, формасы қандай деп сұрағаннан гөрі өздерін ойландырып, ол туралы не білетінін, не айта алатынын өздерінен сұрап, білудің, олардың ойын дамытудағы тиімділігі зор [7; 8].

ЖҰМЫСТЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Мақсаты: оқушылардың өз бетімен ізденушілік, шығармашылық қабілетін арттырып, сөйлеу мәдениетін, яғни сөздік қорларын көбейту.

Міндеттері: дамыта оқытудың негізгі 3 жұмыс түріне байланысты тапсырмалар жасату:

1. Логикалық дамытушы ойындармен берілген тапсырмалар (құрастырмалы ойындар, өлшеу, есептету), өз бетінше жұмыс түрлері.

2. Берілген тапсырманы түрлендіру бағытындағы жұмыс түрлері (аумақтық зерделеу, мәтіннің мазмұнын өңдеу т.б.).

3. Өз ойын еркін тақырыпқа құрастыруға берілген әдеби шығармашылық бағыттағы жұмыстар (шығармашылық жұмысқа баулу, компьютер, интернет картамен жұмыс жасату, т.б.) [9; 47-48].

Оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулып, олардың белсенділіктері мен қызығушылықтарын арттыру, дамыту үшін мынадай 3 жұмыс түрі ұсынылады.

Білім алушының тұлға болып қалыптасуы үшін өлкетану пәнін оқытудың маңызы зор. Өйткені туған өлкесінің табиғаты мен тарихын оқып өскен баланың бойында туған жеріне, еліне деген сүйіспеншілігі артады және азаматтық жауапкершілігі қалыптасады [10]. Өлкетану – белгілі бір өңірдің табиға-

тын, халқын, шаруашылығын, тарихын, шағын аумақтың ландшафтысын, халқын, шаруашылығын, тарихын және мәдениетін, елді мекендерін, олардың таяу төңірегімен қоса зерттейді. Өлкетанудың негізгі әдісі – аумақ туралы ақпаратты, табиғи үлгілерді, геологиялық, топырақ, биологиялық, зоологиялық, т.б. деректерді жинау және жүйелеу [11; 34-35].

Оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулып, олардың белсенділіктері мен қызығушылықтарын арттыру мақсатында орындалатын жоғарыда берілген 3 жұмыс түрлерінің өзі төмендегі 1-суретте көрсетілген білім берудің сатыларын негізге ала отырып жүргізіледі [12; 48-50, 13; 37-40].



Сурет 1 - Дамыта оқыту технологиясын қолдану сатылары.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Дамыта оқыту технологиясының нұсқау беру және айту сатысында мұғалім сыныпқа сабақтың тақырыбын, оқу мақсатын, орындалатын жұмыстар мен берілетін тапсырмаларды хабар-

лайды және оларды орындау үшін не істеу керектігін түсіндіреді. Сабақ тақырыбының мәтінін оқушыларға таратып береді. Жеке оқу формасында оқушылар мәтінмен жұмыс істеп, оның мазмұнын терең ұғынып алуға бағытталады.

Бұл жолы «Insert» әдісін қолданған тиімді. Балалар әртүрлі белгілерді қолданып, мәтінді меңгеруге мүмкіндік алады. Оқылған мәліметті түртіп алу жүйесі бойынша таным түсінігін қалыптастырады. Жаңа материалмен таныса отырып, түртіп алу жүйесімен мәлімет жинайды, саралайды, бағалайды. Тапсырманы оқып, түртіп алу жүйесі бойынша жұмыс жасалады: W-білемін; + жаңалық; – білмеймін; - білгім келеді; осылай белгілеп, кесте жүйесі бойынша жұмыс жасайды. «Insert» әдісін өлкетануға байланысты «Қазақстан климаты, оған әсер ететін факторлар» сияқты кез келген тақырыпты қолданып, қарастыруға болады.

Көрсету және модельдеу сатысында айқын, жақсы құрылымдалған көрсетілімдерді ұсыну, мысалы, географиялық есептерді қалай шешу керектігі, компьютерлік бағдарламалық жасақтаманы қолдану жолдары қарастырылған. Есептің негізгі міндеттері: оқыту, тәрбиелеу, дамыту және бақылау болып табылады. Қазіргі оқулықтарда есеп мазмұны оқушылардың жоғары моральдық қасиеттерін қалыптастыруға, ғылыми көзқарастарын дамытуға, отаншылдық рухта тәрбиелеуге негізделген. Есеп шығару оқушылардың сөйлеу мәдениетіне, мінез-құлқының қалыптасуына, табандылыққа, шыдамдылыққа,

бастаған істі аяғына дейін жеткізу, қиындықты жеңе білу сияқты қасиеттерінің тәрбиеленуіне ықпалын тигізетіні аян. Есеп оқушының логикалық ойлау, кеңістікті елестету, жеке бас қабілеттерін дамытуға бірден-бір себепші болатын басты құрал болып табылады. Оқушылардың білімін, біліктілігін және дағдысын анықтау міндеттері де көбінесе есепке жүктеледі.

Түсіндіру және сипаттау сатысында бұрынғы жұмысқа немесе әдіске негіздеп нақты, жақсы құрылымдалған түсініктеме беру: түрлі кесте, схемалардың шешілу тәсілін баяндау және бұл неліктен осылай шығатынын түсіндіру. Пән бойынша білім мен дағдыларды бақылау мен бағалау үшін ауызша тексеру, бақылау, жазбаша жұмыстар жүргізудің маңызы зор. Білім алушылардың жүйелі талдау, зерттеу дағдыларын қалыптастыруда, табиғатқа жүргізген зерттеу жұмыстарын қолдана отырып, жүйелі делогикалық түрде жасаған баяндамасы мен тәжірибелік жұмыстарды дұрыс орындап, қойылған сұрақтарға толық жауап беруі талап етіледі.

Бұл сатыда оқушыларға мынадай тапсырма беруге болады: XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бірінші жартысында Қазақстанның физикалық-географиялық зерттелуіне толық тоқталып, жауап бер.

Кесте 1 - Тапсырма үлгісі

	XIX ғасырдың екінші жартысында зерттеген ғалымдар	Уақыты	Зерттеген аймақтары
1	П.П.Семенов-Тянь-Шанский		
2	Н.А.Северцов		
3	Ш.Ш.Уәлиханов		
4	И.В.Мушкетов		
5	А.Н.Краснов		
6	Л.С.Берг		

Сұрақ қою және талқылау сатысы барлық оқушылардың қатысып отырып көз жеткізу, олардың назарын толықтай сабаққа аудару мақсатындағы сұрақ қою тәсілі сабақтың бағытына және қарқынына сәйкес келетін жолдармен жүзеге асырылуы тиіс. Қажет болған жағдайда, құрылғылардың, карталардың, калькулятордың көмегін немесе белгілер мен таңбаларды қолданады. Бұл кезеңде қалыптастырушы бағалау тәсілдерінің бірі «бұрыштар тәсілі» көмекке келеді. Бұл тәсілдің шарты бойынша мұғалім оқушыларға сұрақ ұсынады және сұрақты көрсетудің құралдары арқылы сұрақтың төрт жауабын сыныптың төрт бұрышына орналастырады. Қойылған сұрақтардың барлық нұсқалары дұрыс болуы мүмкін. Мысалы, Қаскелең қаласына сәйкес келетін жауапты табыңыз:

- 1-бұрышқа – Қаскелең агломерациясы;
- 2-бұрышқа – Қаскелең көпұлтты қала;
- 3-бұрышқа – Қаскелең табиғаты әсем қала;
- 4-бұрышқа – Қаскелең атауы «Қос келін» деген сөзден шыққан.


Тапсырманың ережесі бойынша оқушылар өзіне дұрыс деген жауаптың қасына барып тұрады. Бір жауаптың маңына бірнеше оқушы топтасады да өздігінен топ құрылады. Таңдаған жауаптарын топтық жұмыста тұжырымдауға азырақ уақыт беріледі де, соңында оқушылар өздерінің көзқарастарын дәлелдейді.

Зерделеу және зерттеу сатысында оқушылардың проблемалық мәселе көтеруі мен оның шешімін ұсынудың графикалық немесе сызбалық нұсқадағы балама тәсілдерін қарастыру, проблемаға басқаша тұрғыдан қарауға не-

гізделуді қажет етеді. Сондықтан, білім алушыға зерттеу жұмыстарын жүзеге асыру технологиясымен таныстырып, соған сәйкес тапсырмалар беру қажет деп ойлаймыз.

Дамыта оқытудың бұл сатысында өз бетінше жұмыс тәсілімен бірге ақпараттық-коммуникативтік технологияның әдістерін қоса пайдаланған тиімді. Ұстаз үшін нәтижеге жету шәкіртінің білімді болуы ғана емес, білімді өздігінен алуы және алған білімдерін қажетіне қолдану болып табылады. Бүгінгі күні ақпараттар ағымы өте көп. Ақпараттық ортада жұмыс жасау үшін кез келген педагог өз ойын жүйелі түрде жеткізе алатындай, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, интерактивтік тақтаны пайдалана алатын, Онлайн режимінде жұмыс жасау әдістерін меңгерген болуы тиіс. Оқушылардың жаңа тұрмысқа, жаңа оқуға, жаңа қатынастарға бейімделуі тиіс. Білім беруді ақпараттандыру жағдайында оқушылардың ақпараттық сауаттылығын, ақпараттық мәдениетін және ақпараттық құзырлығы сияқты қабілеттіліктерді қалыптастыру мәселесі бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр.

Мысалы, *«Туған өлкеңді зерделе»* атты тапсырма беру арқылы оқушылар зерделеу жұмыстарын компьютерде жүзеге асырады. Интернет желісіне қосыла отырып, оқушылар Google Earth картографиялық веб-сервистік бағдарламада аумақтық зерттеу және талдау жұмыстарын жүргізе отырып, экологиялық сауаттылығын ашады [14]. Бұл бағдарламада олар туған өлкесін іздеп тауып, ондағы географиялық нысандарды өлшеу, талдау, өзгерістерді анықтау сияқты зерттеу жұмыстарын жүргізе алады (2-сурет).



Сурет 2 - Google Earth веб-сервистік бағдарламасында туған өлкені іздестіру

Нақтылап айтқанда, Google Earth веб-сервисіндегі өлшеу құралын пайдалану арқылы туған ауылды, жақын орналасқан көлді, ауыл ішіндегі парктің немесе бақшаның аумағын өлшеуге, ауыл арқылы ағып жатқан өзеннің немесе қатынас жолдардың ұзындығын есептеуге, көршілес ауылдардың арақашықтығын немесе аудан орталығының қаншалықты алыстығын және

т.б. практика жүзінде өлшеп, нақтылай алады. Дамыта оқытуда баланың ізденушілік-зерттеушілік әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Ол үшін бала өзінің осы кезге дейінгі білетін тәсілдерінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезініп, білім алуға деген ынтасы артып әрекет жасайды (3-сурет).



Сурет 3 - Google Earth бағдарламасында Кіші Аралдың көлемін өлшеу жұмысы

Мысалы, ғаламдық мәселеге айналған Арал теңізін сақтау проблемасы туралы айтқанда, Кіші Аралдың қазіргі жағдайы мен оның көлемі тек

қана Арал ауданының оқушыларын ғана емес, басқа өлкелердің оқушыларын да қызықтыратыны сөзсіз. Google Earth веб-сервисін пайдалану арқылы

оқушылар Кіші Аралды тауып, оның координаталарымен бірге, ауданын, периметрін анықтауға мүмкіндік алады.

Сондай-ақ, Google Earth бағдарламасы арқылы әрбір бала өзі туған өлкесінің табиғи нысандары (өзен, көл, батпақ, орман және т.б.) туралы әдебиеттерде көрсетілген морфометриялық сипаттамалардың шынайылығына көз жеткізулеріне мүмкіндік беріп, орын алған өзгерістердің қаншалықты ауқымды екендігін практика жүзінде анықтау жұмыстары, олардың ғылыми ізденістерге деген қызығушылығын оятуы мүмкін. Мысалы, оқушылар тұратын ауыл немесе қала маңындағы қоқыс алаңының аумағын анықтау оқушыларға экологиялық тәрбие берумен қатар, өз өлкесін қорғау, табиғат ресурстарын ұтымды пайдалану бойынша жобалар әзірлеуге деген ұмтылысын туғызады деп есептейміз.

Бұл тапсырманы орындау үшін сабақ интернет желісіне қосылған компьютерлермен жабдықталған сыныпта өтуі қажет. Олай болмаған жағдайда, мұғалім сыныптағы интерактивті тақтаны пайдалану арқылы оқушыларға орындалатын жұмыстардың реттілігін көрсетіп, үй тапсырмасы ретінде бере алады. Оқушылар өздерінің зерттеу жұмыстарынан кейін, өз өлкелерінің экологиясы туралы ойларын және қоршаған ортаны сақтау жөніндегі көзқарастарын эссе түрінде әзірлей алса, дамыта оқыту технологиясын қолданудың нәтижелі болғандығын білдіреді.

Рефлексия және бағамдау сатысы оқушылардың қателерін анықтап, олардың өзін және оған алып келген түсінбеушілікті талқылай отырып, бұны оқытудың жағымды қыры ретінде қолдану. Оқушылар өздері таңдаған әдістері мен ресурстарын неліктен таңдағанын түсіндіру үшін пікірталас

жүргізу, оқушылардың топқа немесе бүкіл сыныпқа жасаған таныстырылымын бағамдау, олардың жазбаша жұмысына ауызша кері байланыс ұсыну сияқты процестерге негізделуі қажет.

Рефлексия – көп қырлы, кіріккен әрекет. Жоғарыда қарастырылған материалдарға байланысты төмендегі рефлексияны ұсынуға болады:

- дамыта оқыту технологиясын қалай түсіндің?
- өз бетімен білім алу, өз бетімен іздену жолдары пәнге деген қызығушылық тудырды ма?
- оқу тапсырмаларының әрбір кезеңін орындауда қандай қиындықтар туды?
- кесте, сөзжұмбақтарды шешіп, толтыруда, эссе жазуда қандай қиындыққа тап болдың?
- тақырып мазмұнына байланысты қандай сұрақтарың бар?

Рефлексияның оқушы үшін тиімділігі: өз-өзіне есеп беруге баулиды; оқушы өзіне қажеттісін білдіре алады; өзіндік көзқарасы қалыптасады; алатын білімінің сапасын жақсартып алады; сыни көзқарас қалыптасады; өз-өзіне баға бере алады; білім алуға деген қызығушылық жоғарылайды.

Рефлексияның мұғалім үшін тиімділігі: зерттеу қызметін одан сайын арттырады; теориялық білімді тереңдетудің қажеттілігі туады; шығармашылыққа деген ынта-жігер артады; әрбір оқушының пікіріне мән беретін болады; пәндік білім сапасының артуына, өзіндік сынның қалыптасуына септігін тигізеді.

Бекіту және қолданысқа енгізу сатысында жаңадан меңгерілген дағдыларды тәжірибеде қолдану және дамыту үшін сыныпта және үйде орындауға арналған әртүрлі жұмбақ, жаттығулардың көмегімен түрлі мүмкіндіктер ұсы-

ну. Оқушылардың үдеріс барысында әріптесімен жұпта немесе топта бірлесе ойлануы, талқылау арқылы, өз идеялары мен пайымдауларының ауқымын кеңейтуге, өз жұмыстарын жазбаша жүргізу әдістері мен тәсілдерін салыстыруға және жетілдіруге ынталандыру жұмыстарына негізделген. Осы тұрғыда «Венн диграммасын» толтыртуға болады.

Қорытынды шығару және есте сақтау: сабақта жұмыс барысына шолу жасап, оның қорытындысын шығару және оқушылардың не үйренгенін түйіндеу; оқушылардың түсінгенін анықтау және қате түсінген болса түзету; оқушыларды өз жұмыстарымен таныстырып, оның негізгі тармақтары мен идеяларын ұсынуға шақыру; оқушыларға оқудың келесі кезеңін түсінуге мүмкіндік беру. Осы сатыда «Брейн-ринг» интеллектуалды оқыта үйрету ойынын ұйымдастырған тиімді.

«Қазақстан табиғаты» тақырыбына сай жүргізілетін «Брейн-ринг» ойынының мақсаты: оқушыларды шапшаң, алғыр, ұтымды, жауап беруге үйрете отырып, топпен жұмыс жасай білуге, ортақ пікірге келуге, қорытынды шығара білуге тәрбиелеу. Ойынның шарты түсіндіріледі. Шарт бойынша алты адамнан тұратын 2 команда үстел маңына топтасып отырады. Тапсырмалардың орындалуы ұпаймен есептеліп, білімдері бағаланады (Материал қысқартылып ұсынылып отыр) [15;100-112].

1-кезең:

«Жұмбақ жәшіктер»

2 командаға арналып жабық жәшіктерге Қазақстан көлдерінің аттары салынады. Алдымен әр команда өзіне 2 жәшіктен таңдап алады, сосын әр жәшіктің нөмірі бойынша оларға сұрақ қойылады.

1-жәшіктің сұрағы:

Қазақстанның ең тұзды көлін ата. Ол не себепті өте тұзды? Ол қай ойыста орналасқан?

2-жәшіктің сұрағы:

Түсі 2 түрлі көлді ата. 2 түрлі болуының себебі неде? 2 түрлі болып тұрған көлдің ортасын қандай бұғаз бен түбек бөліп жатыр?

3-жәшіктің сұрағы:

Қазақстанда суының құрамы лас-танған 1 көл бар, соны ата. Ол көлдің суына ешкім шомылып, балығын аулап жемейді.

4-жәшіктің сұрағы:

Қазақстандағы тектоникалық көлдерді ата. Не себепті олардың қалыптасу жолы тектоникалық деп аталады?

Берілетін ұпай саны жауаптың толық, толық еместігіне байланысты 5-өте дұрыс, 3-жартылай жауапқа.

2-кезең:

«Блиц турнир»

2 жұп команда берілген 20 сұраққа тез жауап беру керек.

1 дұрыс жауап 2 ұпайдан есептеледі. Толық емес – 1 ұпай. Жауап жоқ немесе дұрыс емес - 0. Ойын осы ережемен 2 рет ойналып, ұпайы артық 2 команда және 2 ұпайы аз команда анықталады.

2 ұпайы аз командалар арасында дәл осындай ережемен ойын өтеді де ұпай саны артық команда анықталады. 2 ұпай саны артық командалар арасында да ойын қайталанады да, ұпайы артық 3 команда анықталады. Одан әрі ойынның 4 кезеңі басталады.

1-команданың сұрақтары:

1. Қазақстанда Мезозой жыныстары кездесетін аумақтар: (Маңғыстау, Іле Алатауы).

2. Қазақстанда аязды ауа райы қалыптасуына әсер ететін ауа массасы: (Сібір антициклоны).

3. Жайық өзеніне салынған канал аталады: (Жайық-Көшім).

4. Мұздықтардың эрозиялық әрекетінен пайда болған көлдер: (Мореналық).

5. Ақ, қара сексеуіл көп тараған аймақ: (Балқаш, Шу, Сырдария).

2-команданың сұрақтары:

1. Қазақстанға кіретін зоогеографиялық облыс: (Голарктикалық).

2. Орманды дала зонасындағы үлкен көлдер: (Лебяже, Сиверка).

3. Бетпақдала аймағындағы шөлдің түрі: (Балшықты, тасты).

4. ЮНЕСКО тізіміндегі Қазақстан қорығы: (Қорғалжын).

5. Балқашқа құятын судың 80 пайыз үлесі тиесілі өзен: (Іле).

Кейін ұпайы аз команда мен ұпайы көп командаға тағы қосымша сұрақтар беріледі:

3 кезең

Капитандар сайысы

1-капитан командасы өзінің жәшігінен алып, төмендегі 1-, 2-сұрақтарға жауап береді:

1- сұрақ: Қазақстан экологиялық проблемаларының қаншалықты адам денсаулығына әсері бар?

2- сұрақ: Антропогендік ластанудың көздерін ата, ақындардың өлең шумақтарын оқу.

2- капитан командасы өзінің жәшігінен алып, төмендегі 3-, 4-сұрақтарға жауап береді:

3- сұрақ: Қазақстан экологиялық проблемаларының шешу жолы бар ма, болса қандай?

4- сұрақ-тапсырма: Табиғат туралы айтқан ақындардың өлең шумақтарын оқу.

Ойлану уақыты 2 минут. Ұпай саны дұрыс жауапқа 5 ұпай беріледі.

4 кезең

Қорытындылау

Ұпайлар санын қорытындылап, есептеу кезеңі.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісін түрлі жолдармен технологияландыру жұмысын мақсат етіп қойып отыр. Осы тұрғыда мақалада дамыта оқыту технологиясы арқылы «Рухани жаңғыру» шеңберіндегі өлкетану мәселесі қарастырылды. Туған өлке материалдарын өз беттерімен танып, білдірту мақсатында берілген тапсырмалар «дамыта оқыту» технологиясы бойынша ұсынылған жұмыс түрлерін негізге алынып отырды.

Google Earth картографиялық веб-сервистік бағдарламада аумақтық зерттеу және талдау жұмыстарын жүргізе отырып, әрбір бала өзі туған өлкесінің табиғи нысандары туралы әдебиеттерде көрсетілген морфометриялық сипаттамалардың шынайылығына көз жеткізулеріне мүмкіндік ала алады. Google Earth веб-сервисін пайдалану арқылы оқушылар Кіші Аралды тауып, оның координаталарымен бірге, ауданын, периметрін анықтауға мүмкіндік алады. Сол сияқты «Брейн-ринг» ойынын ұйымдастыру арқылы оқушыларды шапшаң, алғыр, ұтымды және тез жауап беруге үйрете отырып, топпен жұмыс жасай білуге, ортақ пікірге келуге, қортынды шығара білуге тәрбиелеуге болады.

Бұл технологияны қолдану барысында оқушы өз пікірін айтуға, оны дәлелдеуге, салыстыруға, болжам мен қорытынды жасауға және өз білімін қажетінше орынды пайдалана білуге үйренеді. Оқушы теориялық материалды жаттанды түрде емес, қарапайым

бақылаулар жасау, зерттеулер жүргізу арқылы меңгереді. Дамыта оқытуда қойылатын сұрақтардың негізі ойлауды, пайымдауды қажет ететіндей проблемалық мәселе түрінде беріліп отыр. Сондықтан жеке бас шығармашылығын дамытуға бағытталған, дамыта оқыту жүйесіне сай берілген тапсырмаларды қарастыру мен орындау жолдары оқушы қауымның пәнге деген қы-

зығушылықтарын арттырып, белсенділігін жоғарылатуы мүмкін. Қорыта айтқанда, қарастырылып отырған дамыта оқыту технологиясын сабақта қолдану жолдары баланың ізденушілік-зерттеушілік әрекетін ұйымдастыруда басты орын алады. Нәтижесінде олардың танымдық интеллектуалдық және шығармашылық қабілетін дамытуға ынталандырады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы, 12 сәуір 2017 жыл
2. В.М. Шепель. Имиджология. Как нравиться людям. Автор концепции, составитель, научный редактор. М.: Народное образование, 2002
3. Xiaojuan Jia, Weiping Hu, Fengchun Cai, Haihong Wang, Jing Li, Mark A. Runco, Yinghe Chen (2017) The influence of teaching methods on creative problem finding // *Thinking Skills and Creativity*. Vol. 24., Pages 86-94].
4. Давыдов В. В. и др. Организация развивающего обучения в V-IX классах средней школы // *Психологическая наука и образование*. 1997. М»
5. Дистервег Адольф. «О природосообразности и культуросообразности в обучении». Публикация в журнале «Народное образование», 1998, № 7).
6. Үркінбаева Д.И. География сабағында білім берудің инновациялық технологиялары. – Алматы: Қыздар университеті, 2010. – 144 б.
7. Электрондық ресурс: <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-84907757042&origin=resultslist&sort=plf-f&src=s&st1=teaching+regional+geography&st2=&sid=7437aa31a5d58123f02bcaed3981e51e&sot=b&sdt=b&sl=34&s=TITLE%28teaching+regional+geography%29&relpos=2&citeCnt=7&searchTerm=>
8. Дамыта оқыту технологиясының түрлері. Электрондық ресурс: / search?sa=X&rlz=1C1GCEA_enKZ873KZ873&sxsrf=ACYBGNQUuncCDmjMBOUa0BV9r96xMu4kMQ:1582003259623&q=
9. Кудайкулов М.А. Дидактическая технология инновационного обучения. - Алматы: КазНПУ. – 2011. – 162 б.
10. Stefaniak, A., Bilewicz, M., Lewicka, M. (2017). The merits of teaching local history: Increased place attachment enhances civic engagement and social trust // *Journal of Environmental Psychology*, 51, 217–225.].
11. Мамирова К.Н., Қиясова Л.Ш. Өлкетану. - Алматы: Қыздар университеті, 2015. – 128 б.
12. Өстеміров К. Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдары- Алматы: ТОО «АВК»+ 2007. – 142 б.
13. Мыңбаева А.К. Инновационные методы обучения, или Как интересно преподавать. 10- издание Алматы, 2016-338 бет.
14. Jarvis C, Kraftl P, Dickie J (2017) (Re)Connecting spatial literacy with children's geographies: GPS, Google Earth and children's everyday lives // *Geoforum*, Vol. 81, pp. 22-31.
15. Бейсенова, Ә.С. Қазақстанның физикалық географиясы: оқулық / Ә.С. Бейсенова; ҚР білім және ғылым министрлігі.- Алматы: ҚР Жоғары оқу орынд. қауымдастығы, 2014.- 539.

К.А. ТЛЕУБЕРГЕНОВА¹, Ш.У. ЛАЙСХАНОВ², Н.Н. КАРМЕНОВА³
**ПУТИ ПРИМЕНЕНИЯ ТЕХНОЛОГИИ РАЗВИВАЮЩЕГО ОБУЧЕНИЯ
ПРИ ИЗУЧЕНИИ КУРСА «КРАЕВЕДЕНИЕ»**

¹к.п.н., доцент, Казахский национальный женский педагогический университет,
г.Алматы, Казахстан, e-mail: tleubergenova1209@gmail.com

² PhD, и.о. ассоц. профессора, Казахский национальный женский педагогический
университет, г.Алматы, Казахстан

³к.г.н., доцент, Казахский национальный женский педагогический университет,
г.Алматы, Казахстан

К.А. TLEUBERGENOVA¹, SH.U. LAISKHANOV², N.N. KARMENOVA³
**WAYS TO APPLY THE TECHNOLOGY OF DEVELOPING EDUCATION,
WHEN STUDYING THE COURSE «LOCAL STUDIES»**

¹Cand. Sci. (Pedagogy), associate professor,
Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan

²PhD, acting associate professor,
Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan

³Cand. Sci. (Geography), associate professor,
Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan

Аннотация. Одна из инновационных технологий – технология развивающего обучения. В статье рассматриваются работы – самостоятельное выполнение заданий поэтапно, вовлечение учащихся в творческую работу (игра для тренировки мозга «Брейн-ринг», «Угловой метод», «Исследуй свою родину», программа картографического веб-сервиса Google Earth). Используются задания из нового учебника Краеведение (5-7 классы), непосредственно связанные с рассматриваемой проблематикой. Учащиеся решают несколько типов заданий, касающихся интеллектуальных игр, затем отвечают на вопросы по этому предмету. Выполнение этой работы и ответы на задачи – один из способов повысить их интерес к изучаемому предмету. В результате использования развивающих технологий обучения повышается мотивация будущего специалиста к поиску, исследованию и обучению, формируется профессиональная деятельность.

Ключевые слова: инновационная технология, развивающее обучения, «Брейн-ринг», «Insert».

Abstract. One of the innovative technologies is the technology of developing education. The purpose of the work is to independently complete the assignment in the stages arising from the proposed types of work to involve students in creative work (brain training game «Brain-ring», «Angular method», «Explore your homeland», «Google earth map web service program». In this regard, several tasks from the new textbook of Regional Studies (grades 5-7) are provided, directly related to the problem under consideration. Students will solve several types of tasks related to increasing games, and at the end they will complete reinforcement questions on this subject. Doing this work in response to tasks is one way to increase their interest. As a result, the use of developing learning technologies increases the motivation of a future specialist to search, research and study, and forms professional activity.

Key words: innovative technology, developmental training, «Brain-ring», «Insert».

FTAMP 14.25.21

А.М. ИСКАКОВА¹, Ш.Б. АЛТЫБАЕВА¹, А.Т. МУЙТУНОВА¹

Ұлттық тестілеу орталығы

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

e-mail: iskakova_am@mail.ru, shugla@mail.ru

ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН СЫРТТАЙ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ САПАСЫН БАҒАЛАУ

Аннотация. Мақалада жоғары білімдегі оқу жетістіктерін сырттай бағалауға арналған тест тапсырмаларының сапасын бағалау кезіндегі нәтижелердің көрсеткіштері қарастырылады. Тест тапсырмаларының сапасын бағалау үшін Рам моделі бойынша статистикалық өңдеу қолданылды. Бұл талдау дистракторлардың жұмыс істеу сапасын, сондай-ақ тестілеудің қиындық деңгейінің тестіленушілердің дайындық деңгейіне сәйкестігін анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, статистикалық талдау тест тапсырмаларының артықшылықтары мен кемшіліктерін, соның салдарынан олардың құрылымы мен спецификацияларын өзгертудің орындылығын көрсетеді.

Түйін сөздер: оқу жетістіктеріне сырттай бағалау, тест тапсырмасы, талдау.

КІРІСПЕ

Жоғары білім республика экономикасының барлық салалары үшін білімді және бәсекеге қабілетті мамандарды ғылыммен және өндіріспен интеграциялауда кәсіби даярлау маңызды рөл атқарады. Жоғары білім беру жүйесін жетілдірудің маңызды факторларының бірі – білім беру сапасына мониторинг жүргізу, білім беру ұйымдары түлектерінің қоғам мен еңбек нарығының талаптарына сәйкестігін қадағалау.

Қазақстан Республикасының білім сапасын бағалаудың Ұлттық жүйесі білім алушылардың оқу жетістіктерін сырттай және іштей бағалауды қамтиды.

МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2012 жылдан бастап білім сапасын сырттай бағалау жүйесі – орталықтандырылған тәртіпте, бірыңғай принциптер мен тәсілдерге негізделген жоғары оқу орындарының білім беру жетістіктерін сырттай бағалау (ОЖСБ) ретінде енгізіліп, өзінің негізгі мақсаттары мен міндеттерін орындады.

2019 жылы ОЖСБ білім беру қызметтерінің сапасын бағалау және білім алушылардың мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары білім беру стандартында көзделген жалпы білім беретін пәндер циклінің үлгілік оқу бағдарламаларын меңгеру деңгейін айқындау мақсатында жүзеге асырылды. ОЖСБ негізі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, 2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы болып табылды.

ОЖСБ-ға арналған тест тапсырмаларының мазмұны Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдар-

ламасы жастарымыздың өз халқының тарихы мен дәстүрлері туралы білімдерді игеруін, патриоттық сезімде тәрбиеленулерін, объективті бағалауға бағытталғанын ескере отырып, сыни ойлау мен функционалдық сауаттылықты, патриоттық сезімді тәрбиелеу, өз халқының тарихы мен дәстүрлері туралы білім алу бағдарында қалыптастырылды.

ОЖСБ студенттердің құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейі мен олардың құндылық бағдарларын объективті бағалау мақсатында Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы, Философия, Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (ағылшын тілінде), Шетел тілі (ағылшын, неміс, француз) пәндері бойынша өткізілді.

ОЖСБ-ға арналған тест тапсырмаларының сапасын арттыру үшін барлық пәндерге арналған тест спецификациясы толығымен өзгертілді, тесттің форматы өзгерді, тест тапсырмаларының базасы қалыптастырылып, тест тапсырмаларын әзірлеу мен сараптау жетекші жоғары оқу орындарының оқытушыларымен жүргізілді.

ОЖСБ-ға арналған тест тапсырмаларының талдау нәтижелері

Тест тапсырмаларының сапасын талдау 2019 жылғы ОЖСБ-ның байқау сынағының нәтижелері негізінде қолданылған әр нұсқа бойынша тестілеу деректері аясында жүргізілді.

ӘДІСНАМА

Тест тапсырмаларының сапасын талдаудың мақсаты тест тапсырмаларының және дистракторлар жиынтығын түзету, тест тапсырмаларының үйлесімділігін, студенттердің дайындық және тесттің қиындық деңгейінің сәйкестігін анықтау болып табылады.

ОЖСБ өткізуге арналған тест тапсырмаларының сапасын бағалау үшін Rush моделі пайдаланылды. Rusch моделі те-

стіленушілердің дайындық деңгейі мен тест тапсырмаларының қиындықтарын бірдей масштабта (логиттерде) өлшеуге мүмкіндік береді.

Профессор Дэвид Эндрич (Мердок Университеті, Австралия) басқаруымен қалыптастырылған жасырын айнымалыларды (латенті) өлшеуге арналған RUMM (Rasch Unidimensional Measurement Models) бағдарламаларының көмегімен ОЖСБ пәндері бойынша байқау сынағы нәтижелерінің матрицалары өңделді. Бағдарламаны қолдану кезінде сенімді нәтиже алу үшін тестілеушілер саны бойынша көп тапсырған нұсқалар іріктеу нысандары ретінде қолданылды.

Мысал ретінде 2019 жылғы ОЖСБ-ның байқау сынағының кезінде қолданылған Қазақстанның қазіргі тарихы пәні бойынша тест тапсырмаларының нұсқасына негізгі сипаттамалар келтірілген. Таңдалған нұсқа бойынша тест нәтижелерінің матрицалары берілген пәннен нұсқадағы 25 тапсырма арасында талданды. Нәтижесінде экстремалды тапсырмалар, яғни барлық тестіленушілер шешкен немесе шешілмеген тапсырмалар жоқ екендігі анықталды.

RUMM диалогтық жүйесін қолданған талдау нәтижелері өлшеу моделінің тест нәтижелерінің қанағаттанарлық үйлесімділігін және тест тапсырмаларының дұрыстығын көрсетті. Маңыздылықтың эмпирикалық деңгейі Қазақстанның қазіргі тарихы пәні бойынша - 0,05, бұл, алынған тест нәтижелері оқушылардың дайындық деңгейін және тапсырмалардың қиындық деңгейін өлшеуге болатынын көрсетеді.

Тапсырмаларды талдау нәтижесінде алынған сипаттамалардың ішіндегі ең маңыздысы саралау (дифференциалдау) қабілеті, тапсырманың қиындығы және корреляциясы. Тест тапсырмасының саралау қабілеті дайындық деңгейі бойынша күшті және әлсіз тестіленушілерді

анықтауға мүмкіндік береді. Тест тапсырмасының қиындығы – тестілеуге қатысушылардың анықталу деңгейін көрсететін тесттің сипаты. Қиындық деңгейі, әдетте, тапсырманы дұрыс орындаған тестіленушілердің жалпы санымен салыстыру арқылы бағаланады. Корреляция – тапсырмалардың қабілетін дифференциялаушы стандартты шара, екі немесе бірнеше кездейсоқ шамалардың статистикалық өзара байланысы.

Барлық тест тапсырмаларының модельмен сәйкестігін бағалау үшін тест тапсырмаларының статистикалық сипаттамаларын қарастырамыз. 1-кестеде Қазақстанның қазіргі тарихы пәні бойынша тест тапсырмаларының статистикалық сипаттамалары келтірілген. Келісім статистикасы кестенің соңғы екі бағанында көрсетілген, оның дұрыс анықталған аралығы - 0,5; 1,5 болып табылады.

Кесте 1


Тапсырма- ның нөмірі	Қиындық деңгейі (Оценка трудности) (Measure)	Өлшеу қателігі (Ошибка измерения) (SE)	Коэффициент корреляциясы (Коэффициент корреляции)	Келісім статистикасы (Статистики согласия)	
				Өлшенген (Взвешенная) (OUTFITMNSQ)	Қарапайым (Простая) (INFITMNSQ)
1	2,24	0,29	0,20	1,28	1,63
2	0,01	0,14	0,50	1,02	1,04
3	-3,08	0,40	0,45	0,99	1,48
4	-0,34	0,14	0,46	0,37	0,31
5	-2,41	0,29	0,44	0,70	1,11
6	0,20	0,14	0,58	0,95	0,5
7	0,37	0,14	0,52	1,07	1,03
8	-1,38	0,18	0,51	1,12	1,29
9	-1,06	0,16	0,22	1,15	1,06
10	-0,60	0,14	0,49	1,42	1,36
11	2,43	0,32	0,40	0,47	0,72
12	-1,09	0,16	0,69	1,35	1,44
13	-0,58	0,14	0,51	0,79	0,81
14	2,24	0,29	0,7	0,89	0,99
15	-1,11	0,16	0,23	1,11	1,53
16	-0,52	0,14	0,57	0,63	0,60
17	1,67	0,22	0,56	0,89	0,72
18	-1,52	0,19	0,40	1,40	1,44
19	-0,52	0,14	0,8	1,43	1,30
20	-1,45	0,19	0,65	0,93	1,15
21	1,31	0,19	0,42	1,18	1,43
22	0,51	0,14	0,38	0,71	0,72
23	0,10	0,14	0,45	0,84	0,88
24	0,03	0,14	0,43	0,63	0,61
25	4,56	1,00	0,41	1,11	1,00

1-кестеге сәйкес № 3 тест тапсырмасы ең оңай, оның қиындығы -3,08 логит, ал № 25 тапсырма 4,56 мәнімен ең қиын екендігі анықталып тұр. Статистикалық өңдеуден кейін тестілеу нәтижелерінен тест тапсырмаларының модельмен жақсы келісілгендігін байқауға болады. Сонымен қатар, үш тапсырма бойынша №1, 9, 15 осы тапсырмалардың корреляция коэффициенттері (сәйкесінше 0,20, 0,22, 0,23) төмен мән көрсеткенімен, ал келісім статистикасының нормадан ауытқуы анықталмаған.


Сипаттамалық қисықтар арқылы эксперименттік мәліметтердің Rasch моделіне сәйкестігін бағалауға болады. Алынған бағалаулар бойынша тестіленушілер дайындық деңгейлеріне сәй-

кес үш топқа бөлінеді. Бірінші топқа біз жоғары деңгейлі, екіншісіне - орташа, ал үшіншісіне – дайындық деңгейі төмен тестіленушілерді таңдаймыз. Бұл топтар суретте нүктелермен белгіленді. Егер тапсырма модельмен жақсы келіскен болса, онда бұл үш нүкте моделдің мақсаттық сипаттамасының қисығына жақын орналасады.

Тапсырмаларды толығырақ қарастыратын болсақ, тапсырмаларға тән қисықтар иллюстрация түрінде көрсетілген. Абцисса өсінде «дайындық деңгейінің» пән бойынша мәндерін (логиттерде), ордината өсінде 0-ден 2-ге дейін аралықта күтілетін жауаптың ықтималдығы көрсетіледі.




1-сурет - №1 тапсырманың сипаттамалық қисығы



2-сурет - №12 тапсырманың сипаттамалық қисығы

1, 2- суретте өлшеу моделіне сәйкес №1 және 9 тапсырмалардың сипаттамалық қисықтары көрсетілген. Бұл тапсырмалардың берілген тестіленушілер то-

бына жеңіл екендігін, үш эксперименттік нүктелер іс жүзінде тән қисық сызықта жатқандығы анықталды.



3-сурет - №15 тапсырманың сипаттамалық қисығы

Бұл тесттегі 15-тапсырма проблемалы емес (3-сурет). Нашар дайындалған тестіленушілер бұл тапсырманы орындау кезінде Rush моделі болжағаннан гөрі нашар орындады. Нәтижесінде, осы нүктенің эмпирикалық сипаттамалық қисығы теориялық қисықтан ерекшеленеді. Иілу нүктесіндегі эмпирикалық қисықтың көлбеуі басқа элементтерге қарағанда сәл үлкенірек, жалпы алғанда мұндай тапсырма нашар деп саналмайды, өйткені ол тестіленушілердің дайындық деңгейі бойынша саралауға мүмкіндік береді.

НӘТИЖЕЛЕРІ

Тест тапсырмалары мен тестілердің сапасын талдау негізінде оларды жақсарту бағыттары тұжырымдалады және әзірлеушілер мен сарапшыларға жалпы

нұсқаулар беріледі.

ҚОРЫТЫНДЫ

2019 жылғы ОЖСБ байқау сынағының нәтижесін талдау жасау арқылы жалпы, тестілеу сапасының деңгейі айтарлықтай жоғары, тестілеушілердің дайындық деңгейінің таралуы қалыпты таралу заңына сәйкес келетіні анықталды. Тесттің қиындығы тестіленушінің дайындық деңгейіне сәйкес келетінін, студенттер дайындықтың бір деңгейін көрсететіндігі анықталды.

Жалпы алғанда ОЖСБ ЖОО-лар тарапынан көрсетілетін білім сапасына оң әсер етті, студенттерге білім беру мен оқу үдерісін ұйымдастыру жолдарын анықтауға мүмкіндік берді. ОЖСБ өзінің негізгі мақсат, міндеттерін орындады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығы.

2. Национальная система оценки качества образования: принципы и перспективы развития. Научно-практ.изд. /Туймебаев Ж.К., Балыкбаев Т.О., Омирбаев С.М., Сагиндинов И.У. Нефедова Л.В. – Астана: ИД «Сарыарқа», 2007.

3. http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy
4. Аванесов В. С. Композиция тестовых заданий. Учебная книга. 3 изд., доп. – М.: Центр тестирования, 2002 г. – 240 с.
5. Аванесов В.С. «Дистракторный анализ».
6. Маслак А.А., Поздняков С.А. «Анализ качества тестовых заданий».

А.М. ИСКАКОВА¹, Ш.Б. АЛТЫБАЕВА¹, А.Т. МУЙТУНОВА¹

**ОЦЕНКА КАЧЕСТВА ТЕСТОВЫХ ЗАДАНИЙ
ДЛЯ ВНЕШНЕЙ ОЦЕНКИ ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ**

¹Национальный центр тестирования

Нур-Султан, Казахстан, e-mail: iskakova_am@mail.ru, shugla@mail.ru

A.M. ISKAKOVA¹, SH.B. ALTYBAYEVA¹, A.T. MUYTUNOVA¹

**ASSESSMENT OF THE QUALITY OF TEST TASKS FOR EXTERNAL EVALUATION OF
ACADEMIC ACHIEVEMENTS IN HIGHER EDUCATION**

¹National Testing Center

Nur-Sultan, Kazakhstan, e-mail: iskakova_am@mail.ru, shugla@mail.ru

Аннотация. В статье представлены результаты оценки качества тестовых заданий внешней оценки учебных достижений в высших учебных заведениях. Для оценки качества тестовых заданий использовалась статистическая обработка по модели Рама. Этот анализ позволил определить качество работы тестирующих, а также уровень сложности тестирования в соответствии с уровнем подготовки тестируемых. Кроме того, статистический анализ показал преимущества и недостатки тестовых заданий, а, следовательно, возможность изменения их структуры и спецификаций.

Ключевые слова: внешняя оценка учебных достижений, тестовое задание, анализ.

Abstract. The article presents the results of evaluating the quality of test tasks for external evaluation of academic achievements in higher education institutions. In order to evaluate the quality of test tasks, statistical process based on the Rusch model was used. This analysis allowed to determine the quality of the distractors, as well as the level of testing complexity in accordance with the level of the respondents. In addition, statistical analysis showed the advantages and disadvantages of test tasks and consequently, the possibility of changing their structure and specifications.

Keywords: external assessment of educational achievements, test task, analysis.

FTAMP 16.21.25

С.Б. НАРЗУЛЛАЕВА

Ә. Мусин атындағы

Балқаш гуманитарлық техникалық колледжі,

Балқаш қаласы, e-mail: sarvirux@bk.ru

АРАМЕЙ ЖАЗУЫ – КӨНЕ ЖАЗУ

Аңдатпа. Мақалада Арамей жазуының шығу тарихы, жазудың пайда болуы туралы ғылыми зерттеулер, руналық жазудың пайда болуына арамей жазуының әсері және осы мәселеде ғалымдардың пікірлері қарастырылады. Арамей жазуы ежелгі тайпалардың жазу мәдениетінің қалыптасуына негіз болуы, Арамей жазуы қалдырған ескерткіштердің маңыздылығы айтылады. Арамей жазуы Жеротра теңізінің жағалауындағы ежелгі тайпалары арқылы кең тарады. Арамей жазуын номадтар және сол кезеңдегі Қазақстан жерінде өмір сүрген тайпалар, тайпалық одақтары және арамей жазуының бір тармағы болған соғды тілін Соғды мемлекеті халықтары пайдаланды.

Түйін сөздер: финикия жазуы, арамей жазуы, руналық жазу, парсы – арамей, еврей қвартты, наветей, пальмир, эстрангель.

КІРІСПЕ

Тарих жазба тіл арқылы қалыптасады. Адам білімді, тарихты жазба тіл арқылы, жазылғанды оқу арқылы алады. Адамзаттың сонау көне дәуірінен бастап, біздің заманымызға дейінгі талай ғасырлар бойына ғылым мен техника, әдебиет пен өнер саласында жасаған күллі мәдени байлығын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген де – жазба тіл. Көптеген заман бойында жасалған және біздің заманымызда жасалып отырған мол рухани мәдениетті бізден кейінгі ұрпақтарға, дәуірден-дәуірге жеткізетін де – осы жазба тіл. Жазу дыбыстық тілдің таңбалануына негіз болады [1, 7 б.].

Ғалымдар әріптер арқылы оқылатын дыбыс жүйе жазуларының шыққан уақытын б.з.б. 2 мыңжылдық деп болжайды. Бірақ зертеу жұмыстары көне арамей жазуының пайда болғанына 6 мыңға жуық жыл болғанын анықтай келе, бұл пікірді теріске шығарды [2, 83 б.].

МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Дыбыстық жазудың ең көне түрі – финикия, арамей және араб жазуы [1, 10 б.]. Соның ішінде арамей жазуы - б.з.б. мыңжылдықтардың басында финикия жазуы негізінде пайда болып, арамей арқылы кең қолданылған көне жазу түрі. Арамей жазуының негізін салушы арамей халқы. Арамейлер - түпкі тегі Арабиядан шыққан семит тайпалары, олар б.з.б. 2 мыңжылдықтың II жартысында Арабия шөліндегі бастапқы мекендерін тастап, Орталық Месопотамияға көшіп келген. Ассирия патшасы Пиглатпаласардың I жазуында «араму» сөзін алғаш рет қашаған.

Арамей халқы б.з.б. XI ғасыр ортасында Вавилон мемлекетінің әлсіздігін пайдаланып, бірнеше қалаларын басып алып, отыршылықпен айналысқан. Ассирияның солтүстік-шығысында бірнеше дербес мемлекет құрған. Арамейлер бізге б.з.б. IX-VIII ғғ. ежелгі ескерткіштерді мұра етіп қалдырды.

Арамей жазуы бірыңғай дауыссыз дыбыстардан тұрады. Әр дауыссыздан кейін дауысты дыбыс қосылып оқылады. Оңнан солға қарай жазылады. Арамей жазуы жазылған ескерткіштер Сирияның, Солтүстік Мысыр, Шам, Афрад, Хам, Ассириядан табылған. Олар б.з.б. XIII-XIX ғасырларға жатады. Арамей жазуы Жерорта теңізінің жағалауындағы ежелгі тайпалар, еврейлер, парсылар, ассириялықтар, вавилондықтар, т.б. арқылы кең тараған. Арамей жазуы Ахемен әулеті билік құрған кезеңде Парсы еліндегі екі мемлекеттік жазудың бірі болған. Арамейлердің арабтарға сіңіп кетуіне байланысты арамей жазуы б.з. III-IV ғасырында қолданудан шықты. Ғалымдар арамей жазуының негізінде Таяу және Орта шығыс, ежелгі Азия халықтарының жазуы, соның ішінде, еврей, араб, ұйғыр, моңғол, пехлевин жазулары жасалды деген пікір білдірді [3, 419-420 бб.]. Ғалымдар шығыстағы финикия әріп жазу жүйелерінің барлығы (ежелге еврей жазуынан басқа) шығу тегі жағынан арамей әріп жазуымен байланысты деген пікір білдірді.

Арамей жазуының финикия жазуынан айырмашылығы жеке әріптер таңбаларының оңайлатылуы еді және соның нәтижесінде арамей жазуы пайда болды. Арамей жазуы персиялық сына жазуымен қатар Персияның мемлекеттік жазуларының біріне айналды.

Арамей жазуынан тараған жазулардың 4 түрлі бұтағы бар.

1. еврей жазуы
2. иран жазуы.
3. сирия жазуы.
4. араб жазуы [4, 427 б.].

Арамей жазуының тармақтарға бөлінуі иудаизм, сириялық христианшылдық, зороастризм, мұсылман діндерінің дәуірлеуіне байланысты болды. Зороастризм мен шығыс христианшылдыққа бірдей қызмет еткен ара-

мей тілі мұсылман діні шыққанға дейін бүкіл шығыс елдеріне кең тарады. Ол пехлеви-сасан, пехлеви-аршак, авеста, хорезм, парсы-арамей, соңда жазуларына жіктелді[5]. Б.з.б. мыңжылдықтарда тараған парсы тілі, орта ғасырларға келіп арамей графикасын пайдаланды [6, 151 б.]. Б.з.д. VI-IV ғасырларда Кіші Азиядан Үндістанға дейінгі билік құрған Ахемен әулеті билеген парсы мемлекетінде қолданылған парсы-арамей жазуы (парфян, соғды, хорезм жазуларына негіз болған), еврейлердің шаршы жазуы, сирияарамей жазуы (манихей, несториан, яковит жазуларына негіз болған), жол асты, жол үсті дәйекшелерімен толықтырылған араб жазуы, т.б. арамей жазуының жергілікті тармақтарына жатады. Тұңғыш әліпби жасағандар – Финикия елінің тұрғындары. Финикиялықтар оңнан солға қарай жазатын болған, олардың алфавитінде дауысты дыбыстар жоқ, тек дауыссыз дыбыстар әріппен таңбаланатын болған. Осы әліпбидің негізінде арамей (арабтардың бір тайпасы) және грек әліпбиі жасалды. Арамей әліпбиін Шығыс елдері қолданды, бұларда әріп тек дауыссыздарды ғана бейнелейді, дауысты дыбыстар үшін арнайы белгілер қолданылды және солдан оңға қарай жазды. VIII-XIII ғасырларда Орта Азиядағы түркілердің арамей сирия тармағынан тараған несторион, манихей жазуларымен жазған жазба ескерткіштері болды. Сондай-ақ парсы-арамей тармағына жататын соғды әліпбиі Шығыс Түркістанда кеңінен қолданылған көне ұйғыр әліпбиіне, көне ұйғыр әліпбиі XIII ғасырдан кейін тұңғас-манжүр жазуларына негіз болған.

Мани өзінің діни ілімін тарату жолында бүкіл түркі халықтары арасында кең тараған «ұйғыр жазуы» деп аталған жазу үлгісін осы арамей жазуының үлгісін пайдалана отырып негізін қалады.

Осыдан кейін ұйғыр жазуы негізінде көптеген түркілік шығармалар пайда болды

Манихей және араб алфавиті (набатей алфавитінің негізінде) шығу тегін арамей жазуының бір тармағынан шыққан. Набатей алфавиті арамей жазуының бір тармағы [7, 82 б.].

ӘДІСНАМА

Арамей жазуын номадтар және сол дәуірде Қазақстанда өмір сүрген тайпаларда пайдаланды. Арамей жазуының бір тармағы болған соғды тілін Соғды мемлекеті халықтары пайдаланды. Соғды мемлекетінің негізгі және алғашқы қоныстанушылары сақтардың көшпелі тайпалары болды [8, 186.]. Осы дерек арқылы сақ дәуірінде арамей жазуының бір тармағы Қазақстан жеріне келді деген пікір қалыптастырумыз мүмкін.

Кейбір ғалымдар арамей және соғды жазуларының түрік ойма жазуына қатысы жоқтығын, тек кейбір пішіндердің бір-біріне сәйкес келетінін анықтаған ғалымдар түрік бітігі малдың ен-таңбаларынан немесе көшпелілердің өздері жасаған пиктографиялық-идеографиялық белгілерден шыққан деп есептейді [9, 141 б.].

Л.Гумилев еңбегінде Бартольдтың арамей жазуын пайдаланғанын және соғдылардың келуі туралы мәлімет берген: «В.В. Бартольд иран, түрк, манихей жазууларын аралаштырып арамей тилинда «Дин китебин» жазышкан». Согдулуктар манихей динин таратуу максатында келишди. Алар согд жазуусун мыкты билишкендиги учун түрк кагантында кызматтарга алынышкан» [10, 115 б.]. В.В.Бартольд иран, түркі, манихей тілдерін араластырып арамей тілінде «Дін кітабын» жазған. Соғдылар манихей дінін тарату мақсатында келді. Олар соғды жазуын жақсы білгендігі үшін түрк қағанаты оларды

жұмысқа алды (аударма: Нарзуллаева С.Б.).

Қазірде ғалымдар руналық жазудың шығу тегінде арамей жазуының негізінде деген пікірлер білдіруде.

